zangazet@mail.ru
№90 (3818)
28 қараша 2025

# ЗАҢ газеті

ZANMEDIA.KZ
Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

*Бота ЕЛЕУСІЗОВА*, Алматы облысы Ұйғыр ауданының әкімі:

## «БІЗДЕ СЫРТҚЫ АРАНДАТУШЫЛЫҚҚА ҚАРСЫ ТҰРАТЫН МЫҚТЫ ИММУНИТЕТ БОЛУ КЕРЕК»

***– Бота Серікқызы, Мемлекет басшысының әр жылғы жолдауында шалғай аудандарды жандандыру, ауыл халқының тіршілігіне жан бітіру мәселесі үнемі назарда ұсталады. Өзіңіз жетекшілік ететін Ұйғыр ауданының қазіргі тыныс-тіршілігі қандай?***

– Әрине, Президент жолдаулары тарихи маңызға ие. Сол тапсырмалар мен міндеттерді жүзеге асыруда біздің ауданда да сала-сала бойынша іс-шара жоспары жасалып, жұмыс атқарылуда. Мәселен бүгінде дүние жүзінде су көздері тартылып, күннен күнге суға деген тапшылық сезіліп отырғаны баршаға аян. Біз аграрлы аудан болғандықтан, су тапшылығына байланысты жер көлемін азайтпау және оны тиімді пайдаланып, өнім көлемін ұлғайту басты міндет болып саналады. Сол үшін тамшылатып суғару технологиясын тиімді пайдалануды басты мақсат етіп қойдық. Осындай әдісті пайдаланатын жер көлемін 4090 гектарға жеткіздік. Егер 2 жыл бұрын бұл әдіс тек 450 гектарға қолданылғанын ескерсек, әжептеуір нәтиже бар. Осы жұмысты жақын жылдары екі есеге көбейту жоспарлануда. Тамшылатып суғару технологиясының тағы бір пайдасы қажетті тыңайтқыштарды сол су арқылы жерге енгізуге жол ашылады. Сондықтан, диқандар өзіне қажетті минералдарды қыс бойы дайындап, көктемгі егіс науқанына зор дайындықпен келеді. Соның арқасында өнім түсімі жоғары, әрі сапалы болып, диқандар мерейі өсуде.

Диқандардың кәсібін дөңгелетіп, мол табысқа кенелгенін естіген ауылдастардың туған жерге оралып, «Дала аруы» аталған жүгері өсіруге құлшыныс танытып жүргені қуантады. Осы жылдың өзінде бұл өнімді өсіретін алқаптың 6040 гектарға дейін ұлғайғанын айта кеткен жөн. Мұндай іргелі істер мен толағай табыс жолдауда берілген сауатты бағыт-бағдармен тікелей байланысты.

Негізінен біздің жер жүгері дақылын өсіруге ыңғайлы.

*(Жалғасы 5-бетте)*

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

# ӘСКЕРИЛЕРДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АХУАЛЫН ЖИ БАҚЫЛАМАҚ



**Әскер мен әскери қызмет, ондағы ахуал, сарбаздардың жай-күйі біраздан бері талқыдағы тақырыпқа айналды. «Баламды әскерге опат болсын деп жібермедім» деп жақында Астанада шеру жасаған аналардың да жанайқайы бұл салаға түбегейлі реформа қажеттігін көрсетті.**

*(Жалғасы 3-бетте)*

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

# ТҮРКІ ЕЛДЕРІНІҢ ТҰТАСТЫҒЫ ПАШ ЕТІЛДІ

**Түркияның астанасы Анкара қаласында орналасқан Түркі мәдениеті халықаралық ұйымының (ТҮРКСОЙ) штаб-пәтері мен шахардың қалалық кеңесінде бірінен кейін бірі өткен Олжас Сүлейменов шығармашылығына арналған «Олжас Сүлейменов. Масштаб. Планета. Жер» атты көрме, «Түркі әлемінің аналары: дәстүр және қазіргі заман» тақырыбындағы дөңгелек үстел және «Түркі әлемінің аналары» атты халықаралық көрме – өзара үндесіп, түркі мәдениетінің басты құндылықтарын толық бір арнаға тоғыстырды.**



Көрмеге «ТҮРКСОЙ» ұйымының Бас хатшысы Сұлтан Раев, ЮНЕСКО қамқорлығындағы «Мәдениеттерді жақындастыру орталығы» мемлекеттік музейі директорының орынбасары Салтанат Әшімова, Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының Түркиядағы өкілі Ержан Уәйіс, Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы Аналар кеңесінің төрағасы Назипа Ыдырысқызы бастаған делегация қатысты.

Көрме Олжас Сүлейменовтың бейнетаспа арқылы жолдаған сәлемімен ашылды. Мұнда заңғар ақын, түркология ғылымының терең білгірі «ТҮРКСОЙ» ұйымының өзіне зор құрмет ретінде осындай шара ұйымдастырғанына алғысын білдіре келіп, «ТҮРКСОЙ» жобалары әлем көшбасшыларының адамзат алдында тұрған өзара тәуелді шешімдерді естуіне мүмкіндік беретінін атап өтті. Ақын ұйымның беделі артқан сайын дүниежүзілік қоғамдастықтың Түркі халықтарының мәдениеті мен тарихына деген қызығушылығының да өсіп жатқанын байқағанын жеткізіп, ғалымдардың енді түркілердің тарихи ықпалы тақырыбына бет бұратынына сенім білдірді.

*(Жалғасы 6-бетте)*

3-бет



Салғырттықтың салдары ауыр

4-бет



Погонды журналист: криминалистің бір күні

8-бет



Ар жазасы – ақиқат айнасы

